



«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
«ЖЕТІСУ ҚҰРЫЛЫС -ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорыны



ISO-9001  
№ KZ.Q.02.E0792.C22.020557

№1 педагогикалық кеңес  
отырысында қаралды  
«29» «тамыз» 2024 жыл

БЕКІТЕМІН  
Жетісу құрылыс- техникалық  
колледж директоры  
С.Рамазанов  
«29» «тамыз» 2024 жыл

## ІШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

Талдықорған



# **ІШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелері ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» № 190 бұйрығына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге, ұжымдық шартқа сәйкес әзірленді.

1.2. Ішкі еңбек тәртіптемесінің ережесі (әрі қарай – Ереже) – ҚР Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату тәртібін, еңбек шарты тараптарының негізгі құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, жұмыс режимін, тынығу уақытын, қызметкерлерге қолданылатын ынталандыру және жазалау шараларын, сондай-ақ аталған жұмыс берушідегі еңбек қатынастарын басқарудың өзге де мәселелерін реттейтін жұмыс берушінің актісі болып табылады.

1.3. Ереженің мақсаты еңбек тәртібін нығайтуға, еңбекті тиімді ұйымдастыруға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға, еңбектің жоғары сапасына қол жеткізу үшін жағдай жасауға, еңбекті қорғау мен қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға септігін тигізу болып табылады.

1.4. Осы Ережені жұмыс беруші бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің пікірін ескере отырып бекітеді.

## **2. Колледж үй-жайларында және аумағындағы тәртіп**

2.1. Алкогольдік, құрамында спирт бар сусындар мен сыраларды әкелуге және ішуге, алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде болуға, оларға ұқсас әрекеттерді жасауға, қолданыстағы заңнамада әкімшілік жауапкершілік көзделген өзге де әрекеттерді жасауға;

2.2. Жарылғыш, тез тұтанғыш және уытты заттарды, атыс газды суық қаруды әкелуге;

2.3. Карта ойнауға;

2.4. Белгіленген тәртіппен ұйымдастырылған бұқаралық спорттық-ойын-сауық іс-шараларын өткізуді қоспағанда, арнайы бөлінген орындардан (спорт аландарынан) тыс спорттық ойындар ойнауға;

2.5. Колледж аумағында темекі шегуге;

2.6. Әдепсіз лексиканы қолдануға және қоғамға қарсы өзге де мінез-құлықты жүзеге асыруға;

2.7. Санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды бұзуға;

2.8. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз қабырғаларға, үстелдерге және басқа орындарға қандай да бір жазулар мен суреттер салуға, хабарландыруларды жапсыруға және ілуге;

2.9. Колледждің мүлкін бүлдіруге немесе оны мақсатсыз пайдалануға, тазалық пен тәртіпті бұзатын әрекеттер жасауға;

2.10. Айқайлауға, шу шығаруға, музыкалық аспаптарда ойнауға және тыныштықты бұза отырып және оқу процесін жүзеге асыруға кедергі жасай отырып, өзге де іс-әрекеттер жасауға;

2.11. Дыбысты күшейтетін және дыбыс шығаратын аппаратураны пайдалануға (іс-шараларды өткізудің келісілген жағдайларынан басқа);



2.12.Әкімшіліктің немесе Колледждің материалдық жауапты адамдарының рұқсатынсыз үй-жайдан үй-жайға жиһаздарды, жабдықтарды және басқа да материалдық құндылықтарды ауыстыруға;

2.13.Колледждің мүлкін әкімшіліктің рұқсатынсыз аудиториялардан, оқу залынан, асханалардан және басқа да үй-жайлардан шығаруға;

2.14.Колледждің режимдік және бөлінген үй-жайларында кино-, фото- және бейнетүсірілімдерді, сондай-ақ Колледждің үй-жайлары мен аумағында кәсіби кино, фото және бейнетүсірілімдерді әкімшіліктің рұқсатынсыз жүзеге асыруға тыйым салынады.

2.15. Педагогикалық әдеп кеңесімен қаралады.

### **3.Ішкі жұмыс, түскі үзіліс, демалыс күні режимі**

3.1.Колледжде мынадай жұмыс режимі белгіленеді. жұмыс күндері сағат 8:00-ден 17:00-ге, 9:00-ден 18:00-ге дейін болуына рұқсат етіледі;

3.2.Түскі үзіліс уақыты ҚР Еңбек кодексі 81-бабы бойынша ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын бір үзіліс беріледі.

3.3.Мереке және демалыс күндері, сондай-ақ төтенше жағдайларда Колледж үй-жайларында жұмыс пен мүлікті пайдаланудың ерекше режимі белгіленуі мүмкін, сондай-ақ Колледж директорының бұйрығы негізінде жауапты жұмыскерлердің кезекшілігі енгізілуі мүмкін.

3.4. Колледждің құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс тәртібі және рұқсатнама режимі мереке алдындағы және жұмыс істемейтін мереке күндері директордың бұйрығымен белгіленеді.

### **4.Колледж әкімшілігі міндетті:**

4.1.Педагогтардың жұмысын еңбек шартына сәйкес ұйымдастыруға, олардың әрқайсысына нақты жұмыс орнын бөлуге, құрал-жабдықтардың жақсы жағдайын, салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;

4.2.Қазіргі заманғы өндірістің, ғылымның, техниканың талаптарын және олардың даму перспективаларын ескере отырып, мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін жағдай жасау, оқытудың озық әдістері мен жұмыс әдістерін зерделеу мен енгізуді ұйымдастыру;

4.3.Колледж жұмысын жақсартуға бағытталған оқытушылардың ұсыныстарын уақтылы қарастыру және енгізу;

4.4.Қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына бақылауды жүзеге асыру;

4.5.Еңбек заңнамасына сәйкес еңбек тәртібін бұзушыларға шара қолдану.

### **5.Қызметкер міндетті**

5.1.Әр бөлім, яғни оқу бөлімі, оқу-тәрбие бөлімі, кәсіптік оқыту бөлімі,өндірістік оқыту бөлімі, шаруашылық бөлімі, ақпараттық бөлімі, есеп бөлімі, кадр бөлімі жыл басында бекітілген жоспар бойынша жұмысын уақтылы жүргізу.

5.2.Жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытын сақтау, әкімшіліктің барлық бұйрықтарын жедел және дәл орындау және т.б.;



5.3.Оқу жоспары мен бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін жоспар бойынша белгіленген мерзімде орындауға, кестеге сәйкес міндетті оқу сабақтарына қатысуға;

5.4.Колледждің жабдықтары мен техникалық оқу құралдарын, жиһаз, құрал-саймандар, техника, компьютерлер, кітап қоры мен басқа да мүліктерін таза ұстауға және қорғауға;;

5.5.Колледж мүлкінің сақталуына жауапты болу, ал ол бүлінген немесе жоғалған жағдайда, колледжге келтірілген залалды толық көлемде өтеу;

5.6.Қызметкер санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерді, электр және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын мүлтіксіз орындауы тиіс. Өрт көзі, білім алушылардың денсаулығына және колледж мүлкіне өзге де қауіп-қатерлер анықталған жағдайда, бұл туралы бөлімше меңгерушісіне не әкімшілікке дереу хабарлау қажет.

5.7.Колледж тазалығын сақтау мақсатында белгіленген уақытта сенбілікке шығу;

5.8.Колледж қызметкерлеріне сыпайы, әдепті болу;

5.9.Колледжде қызметкерлері тәртіпті және ұқыпты болуы тиіс, киім қоғамда жалпы қабылданған іскерлік стиль нормаларына сәйкес келуі тиіс, атап айтқанда ашық түсті жейде / блузка және қара шалбар / юбка, қалыпты макияж, шашы таңдалған-қыздарда, ұлдарда-кез келген ұзындықтағы қылшықтар мен сақалдарға тыйым салынады;

5.10.Колледждің кез келген қызметкеріне құрметпен қарау;

5.11.Колледж аумағында қарым-қатынас кезінде былапыт сөздерді қолданбау.

5.12.Колледж дәстүрлеріне ұқыпты қарап, оларды дамыту.

## **6. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік**

6.1.Қызметкер ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелерін бұзған жағдайда ҚР Еңбек кодексі, ҚР «Білім туралы» заңы, басқа да нормативтік құқықтық актілері, ұжымдық шартқа сәйкес тәртіптік жазаға тартылады.

6.2.1. Қызметкердің кінәсінен еңбек тәртібінің бұзылуы, яғни оған жүктелген еңбек міндеттерінің орындалмауы немесе тиісті жағдайда орындалмауы тәртіптік немесе қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға әкеледі.

6.2.2.Еңбек тәртібін бұзғаны үшін оқу орнының әкімшілігі мына тәртіптік жаза қолданады:

а) ескерту;

ә) сөгіс;

в) қатаң сөгіс;

г) еңбек шартын бұзу.

Еңбек шартын бұзу тәртіптік жаза ретінде қолданылуы мүмкін:

-еңбек шартпен немесе ішкі тәртіп ережесімен жүктелген міндеттерді қызметкердің себепсіз жүйелі орындамағаны үшін;

-себепсіз жұмыста болмағаны үшін (соның ішінде жұмыс уақыты ішінде 3 сағаттан аса жұмыста болмаса), сонымен қатар жұмысқа мас күйінде келгені үшін;

-қызметкердің еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін;

6.2.3.Себепсіз жұмыста болмағаны үшін (соның ішінде жұмыс уақыты ішінде 3 сағаттан аса жұмыста болмаса) спирттік ішімдіктерді ішкені немесе мас күйінде



жұмысқа келгені үшін колледж әкімшілігі тәртіптік жаза шараларын қолданады – осы Ережедегі 2 тармағында қарастырылған.

6.2.4. Тәртіптік жаза колледж директорының бұйрығымен хабарланады. Оқу орнының әкімшілігі тәртіптік жазаны қолданудың орнына еңбек тәртібін бұзуы туралы мәселені еңбек ұжымының қарауына беруіне құқы бар.

6.2.5. Жаза қолданғанға дейін еңбек тәртібін бұзушы адамнан жазбаша түрде түсініктеме талап етілуі тиіс. Қызметкердің түсініктеме беруден бас тартуы жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды. Тәртіптік жазаны әкімшілік тәртіпсіздікті тікелей білгенде қолданады, бірақ оны білгеннен бір айдан кеш болмауы тиіс, ауырған уақыты немесе қызметкердің еңбек демалысында болғаны есепке алынбайды.

6.2.6. Еңбек тәртібін әр бұзғаны үшін тек бір ғана тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

6.2.7. Жаза қолданғанда жасалған тәртіпсіздіктің ауырлығы, ол жасалған жағдай болып өткен жұмыс, ЦӘК-тің мінездемесі, бөлім меңгерушісінің мінездемесі және қызметкердің тәртібі ескерілуі тиіс.

6.2.8. Бұйрық пен тәртіптік жазаның қолданылу себебін көрсетумен қолдану жаза алған қызметкерге үш күн ішінде оның қол қоюымен жарияланады. Қажетті жағдайда бұйрық оқу орнының басқа қызметкерлеріне жеткізіледі.

6.2.9. Егер тәртіптік жаза қолданған күннен бастап 6 ай ішінде қызметкерге жаңа тәртіптік жаза қолданбаса, оның уақыты біткен соң қызметкер тәртіптік жазаға тартылмады деп есептеледі. Әкімшілік өз бастамасымен немесе еңбек ұжымының қолдауымен егер қызметкер еңбек тәртібін басқа бұзбаса және ол өзін тек жақсы, адал жағынан көрсетсе, мерзімнің аяқталуын күтпей-ақ жазаны алып тастау туралы бұйрық шығаруы мүмкін. Тәртіптік жаза қолдану мерзімі ішінде осы Ережеде көрсетілген мадақтау шаралары қызметкерге қолданылмайды.

## **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Колледждің директорының бұйрықтарымен және өкімдері бойынша енгізіледі. Қағидалар Колледждің директоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және жаңа Қағидалар мерзімін шектеусіз, жаңалары қабылданғанға дейін қолданылады.

7.2. Осы ережелерді қолдануға байланысты барлық мәселелерді колледж әкімшілігі оларға берілген құқықтар шегінде және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, ҚР «Білім туралы» заңына, "Педагог мәртебесі туралы" заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» № 190 бұйрығына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге, ұжымдық шартқа байланысты жүргізеді.